

КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, КСРО Жоғарғы кеңесі Ұлттар Кеңесі төрағасының орынбасарына сайланып, қоғам қайраткері дәрежесіне де жетті. 1984-1989 жылдары КСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттар Кеңесі төрағасының орынбасары Екі рет Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен және медальдармен марапатталған.

## *Төлеген Адам-Юсупов туралы әдебиеттер*

Адам-Юсупов Төлеген // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006. - 88 б.

Адам-Юсупов, Т. Жүрек қалауымен: Магнитка алаулары // Орталық Қазақстан. - 2010.- 29 маусым (№104).- 2 б.

Магнитка мақтаныштары // Тұғыры биік Теміртау / Е.Лұқпан, А.Ақын, Т.Смағұл.- Қарағанды, 2005.- 182-186 б.


Құрастырушы: АББ  
библиографы  
Байтөлеу И.Б.

ОК телефоны: 8(7213)98-47-60  
Факс: 8(7213)44-66-81  
E-mail: [tcs.gb@mail.ru](mailto:tcs.gb@mail.ru)



«Теміртау қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ  
Ақпараттық-библиографиялық бөлім

## Қала тарихындағы есімдер



## *Төлеген Адам-Юсупов*

*Жаднама*

*Теміртау, 2014*



# Төлеген Адам-Юсупов

Әдетте ердің атын еңбек шығарады деседі. Өте дұрыс сөз. Теміртауды сан мыңдаған өрендер қаншалықты көтерсе, осы құрыш қаланың атымен бірге олардың да даңқы да шартарапты шарлап кетті. Теміртау десек еңбектің қараторысына айналған ардақты ағалар, даңқты металлургтер есімі тіл ұшына оралады.


Магнитка өрендері туралы сөз еткенде Төлеген Адам Юсуповтың есімін айналып өту мүмкін емес. Бір топ арманшыл жас оңтүстік өңірден Арқадағы алыпқа

қатарында Төлеген де бар еді. Аянбай атқарған адал еңбегі оны биік белеске көтерді.

Төлегеннің айшықты істерінің бірі ол №4 домна цехының жобалық қуатын мерзімінен бұрын игеру жөніндегі бастама көтеріп, соған ежелі уақытынан көп бұрын қол жеткізді.

Комбинаттың №4 пешін іске қосу, ретке келтіру ісіне белсене ат салысты. Адам-Юсупов басқаратын

№4 пеш ұжымы металлургтардың бүкілодақтық соц. жарысында сан мәрте жеңіп шығып,



«озық домна пеші» атағына ие болды. Адам-Юсуповтың бригадасы 10-бес жылдықтың тапсырмасын мерзімінен бұрын орындап шығып, жоспарға қосымша 5 мың тоннадан астам шойын берді. Төлеген Адам-Юсупов қарапайым металлург болып қалған жоқ.